


Эскербек  
РАХЫМБЕКҰЛЫ

ЖЫРАУЛАР





1-481

# Әскербек РАХЫМБЕКҰЛЫ



2000-жылдан бері  
«Адабият жаңалықтары»

ISPN 9985-0001-0-1

00100-00

ББК 84 Қаз 7-5

P 24

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет жөніне ақпарат министрлігі  
Ақпарат жөнене мұрагат комитетінің бағдарламасы  
бойынша шыгарылып отыр

Рахымбекұлы Ә.

Р 24 Жыраулар. Өлендер, элегиялық дастан және жыр-  
роман. – Алматы: «Қайнар» баспасы, 2006. – 176  
бет.

ISBN 9965-9748-6-1

Белгілі ақынын бүл жинағына оның жастық шақ, махаббат, туған ауыл тақырыбына арналған лирикалық өлендері топтастырылған. Бүл өлендердің дені кезінде республикалық басылымдар бетінде жарияланып, оқырман ықыласына ие болған.

P 4702250202  
403(05)-06

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-9748-6-1

© Рахымбекұлы Ә., 2006  
© «Қайнар» баспасы, 2006


# БІРІНШІ БӨЛІМ



## Мешін жылы

Элегия-дастан

Джантаев, Муратбек



## 1. ЖЫР БАСТАУЫ

— Құлдыр да құлдыр қуалай соқты құлан жел...  
Түндікті тартып,  
Белдеуді басты бұранбель.  
Шыдай да шыдай ширықкан шығар шыдамды ер,  
Тарпып та тұрған тарланға салды құранды ер.

Қасқырлар қуып жеткенде жарға жылқылар,  
Шұбырындыдан бөлінген дейді бір шұбар.  
Шырғаландарда шыбын да жаны шырқырар,  
Шұбарды кейін жырына қосқан жыршылар...

Ілмекке қайдан ілініп қалған бүйдасы?  
Тере түліктің шулайды жемен шудасы.  
Көш жерден көзге көрініп таудай тұлғасы,  
Боранды қыста бұрқаққа түскен бурасы.

Малшы мен жалшы мыңғыртқан Ала,  
Құланы!..  
Мәңгіріп қалған айыра алмай мынаны:  
Жасқанып желден өрістен отар құлады,  
Жаңғыртып жатыр қолдағы қозы-лағы...

...Өткенді еске ап көненің көзі Көкбөрі:  
— Мейірімсіз, — депті, — Мешін жылының көктемі...  
...Көгеріп қапты көгілдір төбе бөктері,  
Көрер ма еken көк періштелер көктегі?..

\* \* \*

Отпелі дүние-ай,  
Отпелі дүние-ай,  
Отпелі!..  
Бір мүшел жасын бір қайыруға жетпеді.

...Мешіннің жылы беленнен бері беттеді,  
Көкбөрі шалдың келген бе қайтып көктемі?..  
Керіліп самал соқпайды неге кеңістен?!  
Көмескі бәрі,  
Көзіме шықты теріскен...  
Қайырып салсан қара үзіп кетер желіспен,  
Көкала айғыр қолды боп кетті өрістен.

Есалан дауыл соқты кеп содан еңістен,  
Құйынды қуып егінші қайтқан егістен...  
Келіскен не бар?  
Келіскен не бар?  
Келіскен?!  
Үйелмен біткен үмітін үзген жемістен.

Бозбала ек онда тай-құлындайын тебіскен,  
Телегей сұын терлеп те келіп тел ішкен...  
Балдырдың ғұлін бақалар шулап бөліскен...  
...Көңілсіз көктем жазбенен жылап көріскен.

Жазың да қайдан жарылқай қойсын Мешін жыл?..  
Күнгейде өскен көлеңке қуып көшіп жүр.  
Жетектеп ұлын теруде тезек жесір бір...  
...Еске алсақ соны елеңдермісің есіл жыр?..

\* \* \*

Мешіннің жазы,  
Мешіннің қысы,  
Көктемі!  
Қанша рет келіп,  
Қайрылып қанша кетпеді?..  
Шыңылтыр қыстың шешілген шакта шекпені,  
Көктемі келіп,  
Көк терек қайта көктеді.

Биылғы көктем,  
Биылғы көктем,  
Биылғы!..  
Куып та тастап құлдырандаған құйынды,  
Бүйралау бүлттан бүркырап нөсер құйылды...  
Жауқазын қырда қиғаштап қасын қылды.

Көкала үйрек көгілдір көлде көсілген,  
Айдында аппақ ағарып ақку шешінген.  
Екінді кезде еркелеп самал есілген,  
Ерке де көктем,  
Кетерсің қалай есімнен??!

Несі кем мұның?  
Несі кем мұның пейіштен?!  
Келдің бе көктем?  
Келдің бе көкем?  
Періштем!..

Барамын балқып кезінді көріп келіскең,  
Бауырым менің жаратылмаған беріштен.

Мамырда маңып,  
Мамырлап жатқан мекенсін,  
Мекенім менің кеудемде мәнгі кетерсің.  
Жамылып желеқ жазынды күткен жекенсін...  
Айналайын-ай,  
Айнып та кетпес па екенсің?!

## 2. ФАЛИЯ

Армандай сезім,  
Армандай кезім,  
Армандай!  
Қалдырың қайран жамырап жазға жалғанбай.  
Шаршатар шактың шалығы келіп шалғандай,  
Қайратым қайда?  
Қанатым неге талғандай?..

Қалғандай қирап құмыра түсіп қолдағы,  
Кеткендей тарап туашақ жырдың толғағы.  
Түсімде сені торала бұлт кеп торлады...  
Фалия-ай,  
Фален, жат жерде жолың болмады.

Жадымда бәрі:  
Жадыра жазда жарапалдың,  
Тұлкідей тұлеп,  
Тотыдай толқып тараалдың.  
Ұядан ұштың жасалып жолың,  
Жоралғың...

Кой жылы кетіп...  
Мешінде қайта оралдың.

Оралдың екен,  
Оралдың екен несіне?!  
Бұлағай жүрттап бұйырмады ма несібе?  
Елендеп жүріп ермедің ба екен көшіне?..  
...Шерімді кімге шығарар екем шешіле?..

Айдынға бардым,  
Аландай бердім ағынға,  
Шағылға шығып,  
Сырымды шерттім сағымға...  
Шалдыққан шабыт қалады қайдан бабында?..  
Ауырлау болды-ау алпыстан асқан шағымда.

\* \* \*

Қосыла алмай қалдым-ау, қалқам, қауымға,  
Ақыл мен естен айрылғандаймын сауымда...  
...Дәмелі өжөн дәм-тұзын әкеп дауылда,  
Алты айлығында әкеткен сені ауылға.

Кемпірдің исі қеудене сінді киедей,  
Киесі қайда кетті екен сені сүйемей?..  
Күн кешудемін киімге түскен күйедей,  
Үйелменімде үйеледім ғой түйедей.

Шырайлы шақта шырқауға біткен шынардай,  
Шырмалдың ба екен шырғалаңдардан шыға алмай?..  
Шырқырап жаным ширатыламын шүбардай,  
Уысымдағы ұл-қыздың мұнын ұға алмай...

Шыдап-ак жүрмін,  
Шыдашы сен де, шырағым,  
Мұнар да мұнар мұнынды, мүмкін, ұғамын...  
Шибөрі шендес шіркіннің жаққан шырағын,  
Құлқыны құрсын құдағи менен құданың.

Тұнілдім түстен,  
Түсімде аттан құладым...  
Киналған кезде киыннан жырды құрадым.  
Құлыным, күнде шулайтын шығар құлағын,  
Әженен қалған қайда екен, қалқам, тұмарын?..

\* \* \*

Тұнғышым еді,  
Анамның аппақ гүлі еді:  
Жабырқай қалса жараланатын жүрегі,  
Жадырай түссе жазғанның кірер реңі...  
Үнемі солай,  
Үстінде соның тілегі...

Тұстікте туып,  
Топырағында тұледі.  
Арқа да жакқа ұзатып салған Сыр елі.  
Теріскей бетке тұстіктен түскен нұр еді,  
Қалындық жайын қаймана қайдан біледі?..  
Барғанда жері алағайдағы-бұлағай,  
Бұлағайларда жүрді ме еken жыламай?..  
Алдынан шығып қарсы алсын қайдан құдағай,  
Қазақы қалпы қалған да шығар ұнамай.  
Кербездеу күйеу жорғаға мініп жайқалды,  
Қолбала құсын қөтемде кері қайтарды...  
Мінезді мекен байлап та сауған байталды,  
Шап-шағын отау қалайша ғана шайқалды?..

Тағдырды талай талқыға салып байқаған,  
Жалғанға мынау жауапты қалай қайтарам?..  
Қызыма қайран ақылды қайдан айта алам?..  
Үядан ұзап ұша алар ма еken қайтадан?..

\* \* \*

Үндесей, қалқам,  
Отырсың неге үндеңей?  
Думанда мынау дауысың шықпай,  
Дым демей.  
Тұңілдің несін түсіп те қалған түймедей,  
Жетегі кетіп,  
Жете алмай қалған күймедей.

Тойхана саған тойхана емес,  
Түрмедей!  
Шегіншектедің шет елден келген кірмедей...  
Жауыннан кейін жанданбас жалын үрлемей,  
Үміттің отын өшіріп алып жүрмегей.

Шыдарсың енді,  
Шыдарсың енді,  
Шыдарсың!..  
Шыдамың жетпей қалғанда, жаным, жыларсың.  
Сары уайымға салына көрме – сынарсың,  
Жабығып жалғыз құлази берме – құларсың.

Сергелден болып,  
Сенделген жалғыз сен бе екен?..  
Ұшағы келіп,  
Ұшып кеткендер кемде-кем.  
Жұдеген жүйрік жетігіп кетер – жемдесен,  
Елтіген сезім есін де жияр – емдесен.

Кезінде кімнен кетпеді дейсің қателік,  
Қателескендер жаяулап қалған аты өліп.  
Бақ құсын саған сыйласам деп ем әкеліп...  
Сырымды қалай жеткізер екем әкелік?..

\* \* \*

Жасына жетпей,  
Жасына жетпей,  
Жасына!..  
Айналайын-ай!  
Ақ түскені ме шашыңа?  
Жайсыз кез өтер,  
Жазың да жетер,  
Жасыма!..  
Қайтайық, қалқам, анаңың барып басына.  
Жатыр-ау анаң майсаны мынау жамылып,  
Желкені биік жер бесігіне таңылып...  
...Кейуанам-ай!..  
Келіп түр қызың жабығып,  
Сен жокта, жаным, жүрміз-ау жиі жаңылып.  
Мәңгіріп қалдық,  
Мәңгіріп қалдық,  
Мәңгіріп!..  
Кеткенде өзің мекенге мынау мәңгілік.  
Сен жатқан жаққа қараймыз көзді талдырып,  
Жеті қат жерден жететіндейін жаңғырық.

Қалдырын маган екі қыз,  
Екі ер баланы.  
Талпының жетер тағдырын тартса таланы.  
Қайырлы болсын деуменен келем қадамы...  
Шамалаушы ең ғой,  
Шаруаға шарқым шамалы.

Шүкір ғой, шүкір...  
Немерелер бар ата дер,  
Отағасыңың алпыс жылдығын атады ел...  
Жарқыным,  
Енді қызына мынау бата бер...  
Келерміз кейін,  
Жерұйығында жете бер...

### 3. ӘДІЛХАН

Еңсесі биік ежелгі достың бірі едін,  
Жерорта жаста жүйріктей қайта түледін.  
Кейінгі кезде келмей жүр неге ренің?  
Ақынжандым-ай,  
Ауырмайды ма жүргегің?!

Бозбала кезде бозанда жүрдік ізге еріп,  
Қырмызы әлем қызықтыратын қыз-көрік.  
Керенау кезең берді ме бірақ бізге ерік?!!  
Теніздей терең телегейлерде жүзбедік.

Ілгеріледік,  
Үмітімізді үзбедік...  
Жазымыз өтсе,  
Жарылқайтындақ күз келіп.  
Жылуын жаздың қөркінен күздің іздедік,  
Жасқа да жеттік қыз алысатын,  
Қыз беріп.  
Күз келе жатыр,  
Күз келе жатыр,  
Күз келер...  
Сары ала тандар салқынын салар,  
Сыз берер.  
Дүбірлі дүние,  
Қызығың қайда біз көрер?!!  
Бірдене осы күтеді ме екен бізден ел?..

Сезесің нені?  
Көнілің неге толмайды?!  
Сезімнің ғұлі солып та қалса сол қайғы...  
Қоштасып жазбен тоғайда бұлбұл толғайды,  
Мешіннің күзі мәуелі маусым болғай-ды.

\* \* \*

Дүлейді көрдік...  
Дүрмекке ердік достасып,  
Қозы қайырган қойшыдай жүрміз қостасып.  
Жағада сонда жазбенен тұрдық қоштасып...  
...Құшағын жазбай барады қайда қос ғашық?..  
...Жас шақ-ай шіркін!  
Қағып та қанат ұшқанбыз,  
Қайырда анау қайырып қызды қүшқанбыз...  
Мекенге мынау оралды ма еken ұшқан құс?  
Қай жерде қазір жүр еken біздер қүшқан қыз?..  
Сонау бір кезді шығарсың сен де сағынған,  
Жоқ ізделеп кетіп,  
Жоғалып қайта табылған.  
Жалынды жастық арынын көріп ағыннан,  
Шырайлы құзге шағымыз ба еken шағынған.  
  
Байқасақ, достым, барады-ау өтіп жазымыз,  
Жазымыз өтсе – жүреді кімге назымыз?  
Жылымық жаққа қайтар ма қайран қазымыз?..  
Тұлқіні қайдан түсірсін енді тазымыз.  
  
Қимайтын күндер біздерге қазір қияндай,  
Қиянда қалған жас шақты жүрміз қия алмай...  
Есімде қапты сондағы сөзің мынандай:  
– Кететін жаққа кетсек қой, шіркін, ұялмай...

\* \* \*

Жағада жайсаң шабытты шақта сырласқан,  
Төмендеп келіп,  
Төбеден төніп тұрды аспан.  
Сәтіміз еken соңғы рет сонда сырды ашқан...  
Құландай құлап,  
Калдың ғой, достым, тұрмaston.

Қажытты ма екен мимырттау тірлік миынды?  
Құдай-ая,  
Қалай миына қаның құйылды?!  
Теренге тартқан тамырың қалай қыылды?  
Тасқынды судай тағдырың қалай тыйылды?..

Қиналып тұрмын,  
Қиналып тұрмын,  
Қиналад!..  
Досым мен жырым –  
Дүнием еді жинаған.  
Қаралы қауым қазага сені қимаған,  
Қызынды қалай жұбатам жанын қинаған?

Көздің де жасын көрмейді ме екен көктегі?!  
Өзектіге сын өмір мен өлім өткелі.  
Алпыс жыл ғұмыр айналымға да жетпеді,  
Кеменде мініп,  
Келмеске тұрсын қеткелі.

Ұлтанды ұлы қара шал,  
Қара кемпірдің!..  
Жетпіске жетпей желкенді кеме келтірдің.  
Құрдасым-айлас құлазитындай кей құрбын,  
Жүргегім жылап,  
Жырымды оқып мен тұрдым.

\* \* \*

– Әділхан!  
Кеткенің бе?  
Кеткенің бе?!  
Атар тан,  
Көрер күнді көп дедің бе?..  
Алпысқа алып ұшып жеткенінде,  
Ата-анаң жатқан жаққа беттедің бе?..

Кешегі кемел кезде –  
Көктемінде!  
Көк сұңқар секілдендің көк төрінде...  
Көп пе еді өкінішің өткенінде?  
Жеріне жетем деген жетпедің бе?!

Кеуденен кеткен ұшып кептерің бе?..

Жан едің ғой жазғы таңдай жайрандаған,  
Қырандай қарымыңа қайран қалам...  
Қайырда қаяздаймың қайрандаған,  
Қарымды қайран досты қайдан табам?!

Жегілдің жебірейіл жетегіне,  
Жетерсің жер асты елі —  
Мекеніңе!  
Не дейсің келмес жаққа кетерінде?  
Не дейсің мұң жамылған мекеніңе?  
Не дейсің немерелі некеліңе?..

Не дейсің ағайынға ағылысқан?  
Сапарға сайлап сені сабылысқан...  
Жаратқан жарылқасың жаңылыссаң,  
Қайтейік,  
Қабыл алсың Қабірстан...  
Сары дала секілденіп сағым үшқан,  
Сені аңсап сарғаярмың сағыныштан...  
Бақұл бол!  
Бақұл бол!..

\* \* \*

Бұндайда өлең оқыды екең бұрын кім?!  
Жүйесі босап,  
Жүйкесі тозды жырымның...  
Бұрынғылардың барған жағына бұрылдың,  
Ботадай боздап жұртында қалды бұрымдың.

Құтылар кім бар ку ажал салса құрығын?!  
Құрық тигендей мәңгіріп миң жүр ұлың.  
Сұткенже қызың жұлмалап жатыр тұлымың,  
Жылап та жетті жырақта жүрген құлының...  
Карапы жынын,  
Карапы жынын,  
Карапы!..

Карапы қауым тал түске тақау тарады.  
Қош-қошың айтып,  
Қоштасып бәрі барады...  
Жабырқап жаны,  
Жаутандап қалды жарапы.

Баратын жердің бағамын, достым, байқармыз,  
Қабірстанға қалдырып сені қайтармыз...  
Қазанға қарай қарайлалауменен қайтар құс,  
Қарайлап қалған құстардан сөлем айтармыз...

Өкініш пенен өксікке толып өзегім,  
Жағалап жүрмін өмірдің өршіл өзенін.  
Кемелер келер кемерді кейде кеземін,  
Жақындал қалған жоқ па еken менің кезегім?..

#### 4. ЖҰМАБЕК

Сен соққандайын қалғансың қалай сенделіп?  
Қалаға келіп,  
Қайтсанышы еді емделіп.  
Демейтін кім бар деміккен кезде дем беріп?  
Дертінді қалай ауырсам еken тең бөліп?!

Жанды дерт, інім, кетпеген жүре жөнделіп,  
Пейілім кең деп жасауға болмас пенделік...  
Шылауына ерген шырайы шықты шелденіп,  
Жетімек құлын жетегінде жүр жемделіп.

Қындау кезде қисынын тауып құраған,  
Құнақы қалпын ұжымдағыға ұнаған...  
Құлыншақтайын құлдырап жүрсөн қуанам,  
Қуанып қанша жүр еді дейсің бұл аған...

Шабатын шақта шалғынның жүзін шаң қылып,  
Шаңырағына шалымның кеткем қалдырып...  
Қайратың қашып,  
Шыққанда қырға шалдығып,  
Шарасыз дертке алдың ба еken шалдырып?..

Сындарлы сәттер салмағын салған,  
Сынаған!..  
Сендей-ақ болар қыыннан қынбай шыдаған.  
Көрмейін, інім, кезінді аттан құлаған,  
Алақан жайып Алладан соны сұрағам.

\* \* \*

Дауылпаз құстай дауысы сіңген далаға,  
Жарасар еді-ау жаңғыртып жатсаң жағада...  
Қайырып сені әкелдік әрең қалаға,  
Жетектеп жүріп жеткіздік ауруханаға.

Асқынған ауру айықпас, дейді, арымай,  
Дәрінің күші дәрегейіне дарымай.  
Сыбағаң сені сары ала сорпа,  
Сары май...  
Сары майынды сағындың ба екен, нарым-ай!..

Дененде сенің жатқандай жүріп дүрбелен,  
Кекті кесел ме кендір жіптейін күрмеген?..  
Байсалды қалпың кісідей көніл бірлеген,  
Мен жүрмін жүдеп тұтқындаі қашқан тұрмеден.

Емендей едің,  
Елегендейсің ем күшін,  
Көшкенше дертің көнесің-дағы, көнгішім.  
Көрмеген нені кереге кеуде,  
Кең пішім?!  
Сауығарыңа сенімдімісің, сенгішім?...

Жаутаңдал жүрміз күткендей күннің райын,  
Ауыл мен қала арасында жүр жұбайың.  
Ақсарбас атап:  
— Қолдасын, — дейді, — Құдайым!..  
Ақылды келін айтқаның келсін ылайым.

\* \* \*

Ауымай қалған ағындал ұшқан жебеден,  
Алдыңдан шықты аталап үш-төрт немерен.  
Не деген бақыт!  
Не деген бақыт!!!  
Не деген!!!  
Періштелер ме пейіштен келіп жебеген??  
Тұтіні тұзу,  
Ұйыған сүттей үйелмен,

Үлкен мен кіші біріне-бірі сүйенген.  
Нәпақа бөлген нағашыменен,  
Жиенмен –  
Шаңырағы шалдың, айналдым сенің киеңнен!

Қартым-ай қайран,  
Ақырын күткен Алладан!..  
Қанағат қылған:  
Кем беріп,  
Артық алмаған.  
Жетпеген жерде женінен жыртып жалғаған,  
Жесірлер менен жетімнен жырып қалмаған.

Атасың жолын айнытпай өзің жалғаған,  
Караша үйге қазақсың құлып салмаған.  
Қазаның қаңсып,  
Төсегін тұйықталмаған...  
Тұсалып тайын,  
Құлының құрықталмаған...

Ұлытау жақтан жатқандай бабаң ұрандалап...  
Айдында ағаң аққуын жырдың жүр аулап.  
Жағада ұлың қайырған жылқы құраулап...  
...Ата-анамыз түсті ме екен бір аунап?..

\* \* \*

Бәйгеге қосып бастықпай жүрген буданды,  
Дүние-ай шіркін, дүркіретпедім думанды...  
Талансыз тағдыр,  
Бермедің неге бүйданды?..  
Көзімнің алды бұлдыр да бұлдыр буланды.

Не болды маған?!  
Бара ма басым айналып?  
Қайран да тілім қалғандаймысың байланып?!  
Салауат айтты келген де кісі сайланып:  
– Берік бол! – дейді. – Бауырың кетті ай бағып...

Есім дұрыс па?!

Естідің нені құлағым?!

Тұманданып тұр,  
Тұтылғаны ма мына күн?..  
Құладың қалай?  
Жұмаш-ай, қалай құладың?!  
Құлап та жатқан теректі құшып жыладым.

Дария тасып,  
Секілді маған сең өткен...  
Келмеске жүріп кеткенің қалай кенеттен?!  
Жалған-ай, жалған!  
Бір демді артық,  
Кем еткен...  
Деміккен кезде жібермедім-ау демеп мен.

Таңсәрі тұста таусылған дейді тынысын,  
Жаралы жүрек тоқтатқан дейді жұмысын...  
Қуарған ажал,  
Құлқының сенің құрысын!..  
Алдың ба, Алла, ақынның жалғыз інісін?!

\* \* \*

Жаратушым-ай,  
Қаһарыңдан қалдым жасқанып!..  
Басқаша өмір кеткендей маған басталып.  
Қарайып қаным,  
Қайғымды жатам жастанып,  
Жан-жағым қазір қалғандай жалаңаштанып.

Шабылған шөптей ілінді інім шалғыға,  
Ағасын неге салмады еken алдына...  
Қаға да қаға қанаты өлде талды ма?  
Қайырсыз қыстың қаһары өлде шалды ма?..

Желтоқсан жетіп,  
Қысқандай көрі қыс келіп,  
Өлесі өліп,  
Тірілер жүрміз тістеніп...  
...Жұмаш-ай, Жұмаш!  
Ішікті шешіп ішке еніп,  
Соғымның етін соғушы ек-ау тұстеніп...

Жүйкеге сұық тиген бе жүрмін жөтеліп,  
Жөтелге қазір кеткендей жүрттың еті өліп.  
Өлімнің жолы жатар ғой, Жұмаш, өтеліп...  
Көрге де сені саламын деп пе ем көтеріп...

Серіктерің де сезгендей тағдыр соққысын,  
Оқытты дұға тұстасың сойып тоқтысын...  
Сұраман сенен:  
Ашпысың?  
Әлде тоқпысың?..  
Тоң қатқан жерде тоңып та жатқан  
жоқпысың?..

## 5. ЖЫР СОНЫ

Жүртым-ай,  
Жырға қолды созғанында,  
Мұңдайып,  
Қайғынызды қозғадым ба?..  
Қайран күш қалмағандай қозғалуға,  
Енді қайда барамын озғанымда?..

Қара өлең қаруы ғой жыршылардың,  
Қарманып қаруымды жыр шығардым.  
Мұндайда тағат тауып,  
Тыншыған кім?!

Шерімді шығармасам тұншығармын.  
Қаңтарда қақап тұрган көсілді кім?!

Өлара өлеңімнің өшірме үнін.  
Мейрімсіз болғандайсың Мешін жылым,  
Жүктедің жетім менен жесір мұнын.

Жанынан табыламын жылағанда,  
Демеймін сүрінгенде,  
Құлағанда!..  
Сәлемін жеткіземін сұрағанға,  
Ауырлау емес пе бұл бір адамға?..

Ізгілік қолдан келсе іркеді кім?!  
Баратын бағытымды сілтеді күн...  
Бұл күнде бір өулеттің үлкенімін,  
Көзімді мен жыласам сұртеді кім?..

\* \* \*

Оқырман!  
Болар ма деп бір қайтарым,  
Ақының аранызыда жүр, байқағын.  
Базарға бірге барып,  
Бір қайтамын...  
Сырымды саған айтпай,  
Кімге айтамын?!

Келемін күре жолда күренменен,  
Түгім жоқ тіршіліктे түгендереген.  
Талансыз талабымнан түк өнбекен,  
Жырды да жүріңкіреп жүгендерегем.

Жолыма қарайлласам жүріп өткен,  
Жан-жағым бірінен соң бірі кеткен.  
Кезім көп күніренген,  
Күдік еткен!..  
Кей-кейде кісідеймін күні жеткен.

Білсеніз,  
Бірі емеспін былайғының,  
Мен кетсем, құндыздай жыр құрайды кім?!  
Шырайын шығара алмай шырайлының,  
Жырымдал жүргендер көп жыр айдынын...

Тұнеріп жүре бермей тұтіндейін,  
Бұлінген бауырымды бүтіндейін.  
Бірдене бітірейін,  
Бітірмейін...  
Шарт сынар шама қайда?!

Шүкір дейін...

\*\*\*

Оқырмын!

Мұнды қозғап Мешін<sup>1</sup> жылғы,  
Егілген ақыныңыз есін жиды.

Жылатып жесір өлең,

Жетім жырды,

Мешін жыл беласарға бетін бүрды.

Мешін жыл!

Келгеніңшे бір айналып,

Шалқыр ма шаңырағым шырайланып?..

Қарасы қара көздің лайланып,

Кетпегей шіркін тірлік шыр айналып.

Болашақ болжам қандай білдіреді?

Желпініп жерүйықта кім жүреді?..

...Аспанда ай жымынып,

Күн күледі,

Жуасып жұлдыздар көз ілдіреді...

Жеріме тағы да бір Жыл келеді,

Табиғат танымастай түрге енеді...

Жетіліп жетім-жесір кімге ереді?..

Жаңа жыл,

Жабырқатып жүрме мені.

Болғайсың Тауық жылы —

Тамаша жыл!

Тілегім —


Танғажайып тараса нүр!..

Қуантыш құдай үшін балаша бір,


Төгілтіп жазайыншы Тамаша жыр!..

<sup>1</sup> 2004 жылғы мешін жылы.

## ЕКІНШІ БӨЛМ



Аландаң алпыс жастан  
асқан жанбыз



Алпыстамын, ағайын, алпыстамын,  
Алпыс жастан асқанды алға үстадым.  
Қояр емес құрығыр қан қысқанын,  
Шаңқай түстің шағында шалға үқсадым.

Ұлғайғаным болар,  
Ұлғайғаным!  
Ұлы бол деп ұлтыңның ұлды ойладым...  
Жап-жас бірақ секілді жыр жинағым,  
Бұрымдыға бұрылып гүл байладым.

Алпыс асқан ағадан алғыс алдым,  
Шалқарына шалдардың шалғы салдым.  
Шалымдыға белгілі шарқы шалдың,  
Шабандаған шағында шарпысар кім?!

Тартыншақтап не болған тарланыма?  
Қыранымның қанаты талғаны ма?..  
Алпыс асып асылдық арбалыға,  
Алдырмайтын жігіт ек арланыңа.

Алпыс жас-ай!  
Жетпедім арманыма,  
Қайырлап қайдан түстім қармағына?..  
Шаршар шақтың шалығы шалғаны ма?  
Шауып жүріп шал болып қалғаным ба?..

\* \* \*

Қартайдым деп қалайша айта аламын?  
Шал демеші, шырағым,  
Шайқаламын!..